

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ

мен

МОҢҒОЛИЯ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ

арасындағы

ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ

МЕМОРАНДУМ

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты мен Моңғолия Конституциялық Соты

мемлекет егемендігі қағидаттарын негізге ала отырып және Конституция үстемдігін және оның тікелей қолданылуын қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып,

өз қызметі саласындағы екіжақты ынтымақтастық бағдарламаларын кеңейтуге, біліммен және тәжірибемен бөлісуге ұмтыла отырып,

екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту шарты ретінде ынтымақтастық маңыздылығын тани отырып,

осы Меморандум алдағы уақытта кәсіби ынтымақтастық үшін негіз болатынын назарға ала отырып,

өз елдерінің қолданыстағы заңдары мен қағидаларына сәйкес төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Меморандум мақсаты

Осы Меморандумның мақсаты конституциялық бақылауды тиімді жүзеге асыруға, қос мемлекеттің қолданыстағы конституциялық құқығы мен оның қолданылу практикасын зерделеуге жәрдемдесетін және достық қарым-қатынасты нығайтуға үлес қосатын бірлескен бағдарламаларды іске асыру әрі дамыту және іс-шараларды өткізу арқылы Тараптар арасындағы ынтымақтастықты тереңдету негіздерін қамтамасыз ету болып табылады.

2-бап

Ынтымақтастық салалары мен нысандары

Тараптар арасындағы ынтымақтастықтың негізгі салалары мен нысандары төмендегілер болып табылады:

1) екі елдің конституциялық бақылау жүйелері мен мекемелерінің функциялары туралы нормативтік-құқықтық ақпарат алмасу;

2) Тараптардың кез келгені өткізетін конференцияларға, семинарларға және басқа оқыту іс-шараларына қатысу;

3) Тараптардың функциялары мен өкілеттіктеріне қатысты бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар өткізу, білім беру, зерттеу және оқыту бағдарламаларын іске асыру;

4) конституциялық бақылау тәжірибесімен және актілерімен алмасу;

5) конституциялық бақылау практикасын зерделеу мақсатында Тараптар делегацияларының өзара іс-сапарлары.

2. Тараптар ынтымақтастықтың басқа да салалары мен нысандарын қосымша келісе алады.

3-бап

Меморандумды орындау тетігі

1. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

2. Тараптар аппаратының бір немесе бірнеше қызметкерін хат-хабар жүргізуге және осы Меморандумды орындау үшін қажетті жұмысты жүзеге асыруға жауапты адам ретінде тағайындай алады.

3. Осы Меморандумға сәйкес құжаттар алмасу ағылшын тілінде жүзеге асырылатын болады. Қажет болған жағдайда, Тараптар келісу бойынша ынтымақтастықтың өзге де нақты нысандары үшін басқа тілдерді айқындайды.

4-бап

Құқықтық мәртебе

Осы Өзара түсіністік туралы меморандум халықаралық келісім болып табылмайды және Уағдаласушы Тараптар мен олардың мемлекеттері үшін халықаралық құқықпен реттелетін қандай да бір құқықтар мен міндеттемелер туғызбайды.

5-бап

Шығыстар

Егер нақты жағдайда өзгеше келісілмесе, Тараптар осы Меморандумға негізделген өз шығыстарын өздері көтереді.

6-бап**Даулар мен келіспеушіліктерді реттеу тәртібі**

Осы Меморандумды түсіндіруге және қолдануға байланысты кез келген даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың өзара консультациялар мен келіссөздер жүргізуі арқылы шешіледі.

7-бап**Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**


Тараптардың екіжақты жазбаша келісуі бойынша осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделіп, осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

8-бап**Күшіне енуі**

Осы Меморандум Тарап өкілдері оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы қолданылады. Егер оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын Тараптардың қайсыбірі одан шығу туралы өз ниетін білдірмесе, ол жаңа мерзімге ұзартылды деп есептеледі.

2024 жылғы 19-қыркүйекте Бангкок қаласында қазақ, моңғол және ағылшын тілдерінде екі төлнұсқада қол қойылды. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫНЫҢ
АТЫНАН**



**ЭЛЬВИРА АЗИМОВА
ТӨРАҒА**

**МОҢҒОЛИЯ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫНЫҢ
АТЫНАН**



**БАЯСГАЛАН ГУНГАА
ТӨРАҒА**